

Өзімізді өзіміз, бірімізді біріміз құрметтей білуіміз керек, сонда ғана өзгелердің айбары алмайды, мерейіміз биік болады [10, 199-200 бб].

Тәуелсіздікті нығайтудың ең алғы шарты - ұлттық сананы ояту, сонан кейін патриоттық рухты қалыптастыру. Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп отыру жетекші орында болу керек. Өйткені отан, халық, ел, жер деген ұғымдар өте ауқымды. Бұған шын мәнінде адамның бүкіл болмысының қатысы бар [11, 69 б]. Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі - адам бойында ар мен намысты ерте қалыптастыру, адам бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс-қимылының өлшемі ретінде қарау. Ұрпаққа мұндай тәрбие беру - халқының бүкіл өмір тіршілігінен көрінеді: әрдайым ұятын ойлау, үлкенді сыйлау, тәртіптілік, жаным арымның садағасы - мұның бәрі патриоттыққа апаратын жолдар. Абай атамыз айтқандай әкенің ұлы болмай халықтың ұлы болу керек. Патриотизм халық үшін қажет болса отқа түсіп, оның бірлігі мен тірлігіне сызат келтірмеу, халық, ел үшін еңбек ету сенімді өлшемдермен анықталады.

Отансүйгіштікті адамгершілік қағидалардан бөліп қарауға болмайды, өйткені отан абстрактілі ұғым емес. «Отан-тірісі бар, өлісі бар тіпті тумағандары бар - бүкіл рулар мен ұрпақтардың рухани байланысы», - дейді Д. Мережковский. Яғни отан дегенің - халық. Халық дегенің - адам. Адамды сүйу, оған жақсылық жасау, жанашыр болу - адамгершіліктің белгісі. Отаншылдық сезім - көз жетпейтін сан ғасырлардың келе жатқан құндылық. Патриотизмнің негізі - Отан үшін, оның игілігі үшін әрекет ету. Патриоттық сезім ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Қазақстандық патриотизмнің негізгі функциясы - халықты қорғау, азаматтық қоғам, еліміздің қауіпсіздігі, халықтың бақуатты өмір сүруі. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, елдің дәстүрі мен мәдениетінен тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен тұрады. Қазақстандық патриотизмсіз біз өркениетті ел бола алмаймыз, сол үшін де азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге емес, ертеңге де мәңгі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Макаров В.В. Отечество и патриотизм: логико-методологический анализ. - Саратов, 1988. - С. 159.
2. Губанов Н.И. Отечество и патриотизм. - Москва, 1960. - С. 48.
3. Қалмырзаев. Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады?// Егемен Қазақстан. 10-қаңтар, 1998 ж. - 2 б.
4. Жұмаділов. Қ.«Қалың елім, қазағым». Пікірлер, ойлар, толғаныстар: «Қазақстан» баспасы, 1999. - 296 б.
5. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. / Құраст. Қозыбаев І.М. - Алматы, 2009. - 132 б.
6. Капырин П.И. Органическое единство интернационализма и патриотизма. - Москва, 1987. - С. 25.
7. Батырлар жыры. 1-том. - Алматы, 1986. - 262 б.
8. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. - Астана, 2001. - 72-76 бб.
9. Назарбаев Н.Ә. Қалың елім, Қазағым. - Алматы: «Өнер», 1998. - 38-39 бб.
10. Байгелді Ә. Егемендік - ел бақыты. - Алматы, 1998. - 199-200 бб.
11. Мешітбаев Т. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу тәжірибесінен. //Қазақстан мектебі. - 1997. - №2. - 69 б.

ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ: Ж. АҚБАЕВ ПЕН М. ТЫНЫШПАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Казахбаев А.Г.

Ғылыми жетекшісі: «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы директоры,
т.ғ.д., профессор Махат Д.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

akazaxbaev@list.ru

Астана қ.

Ж. Ақбаев құқық саласындағы білімін тарих ғылымымен үйлестіре білді. Патша және кеңес үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, айдауда жүргеніне қарамастан, ол қазақ халқының құқықтық жүйесі мен генеологиялық тарихын дамытуға айрықша үлес қосты. Оның тарих ғылымына деген қызығушылығын - Санкт-Петербургтағы университетінің заң факультетін оқып жүріп, Археология

институтына дәріс тындаушы ретінде оқуға түсуге өтініш беруінен байқай аламыз. Ж. Ақбаевтың тарих жөніндегі білімін тереңдетуге деген ниеті университет басшылығы тарапынан қолдау тапты. Нәтижесінде университет ректоры қол қойған мынадай анықтама берілген болатын: «Бұл Императорлық Санкт-Петербург университетінің студенті Якуб Ақбаевқа Санкт-Петербург Археология институтына көрсету үшін оның аталған институтта дәріс тындауына бастықтар тарапынан кедергі жасамайтынына беріліп отыр» [1, 11 б.]. Ж. Ақбаев институтта жүріп тарихпен ғылым ретінде танысып, тарихтың қосалқы пәндерін игерді. Тарих пен құқықты тоғыстыра білген ол қазақ халқының құқықтық ой-санасын зерттеуде маңызды еңбек сіңірді. Бұл бағыттағы оның еңбегі 1907 жылы «Қазақ-қырғыздардың әдеттегі, әсіресе неке құқығы туралы жазбалар» атымен жарық көрді [2]. Ол Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің басылымында Ә. Бөкейханның мақалаларымен бірге қатар жарияланған. Бұл зерттеуде қазақ халқының дәстүрлі неке құқықтық нормаларымен қатар, этнографиялық деректерді де қамтып, ұлттың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Ж. Ақбаев бұл мақаланы жазуға не түрткі болғандығын - қазақтардың құқықтық жүйесін зерттегендердің жасаған қорытындылары нақты болмағандығы деп түсіндірген. Себебі, зерттеушілердің қазақ халқының құқықтық танымын түсінудегі басты кедергісі - тіл білмеуі және жергілікті ұғымдардың мәнін дұрыс түсінбеу екендігін айтады. Өйткені, қазақтардың құқық түсінігі ресми терминдермен емес, терең әлеуметтік мазмұнға ие сөздер арқылы түсінетінін жазған. Мақалада қазақтардың құқық пен міндет өзара тығыз байланысты ұғымдар ретінде қарастыратынын айтып өтеді. Мысалы, «қарыз», «міндет», «мойын», «жол» сияқты сөздер тек жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар құқықтық қатынасты да білдірген [2, 2 б.]. Бұған қарай отырып, қазақтардың құқық жүйесі көбіне қағазда емес, тілде, мәдениетте, салт-дәстүрде өмір сүреді деген тұжырымға алып келеді. Осы мәселелерді ескерген Ж. Ақбаев өзі де қазақ ұлтының тумасы ретінде, қазақтардың құқықтық танымын зерттеушілерге қазақтардың неке және отбасылық өмірінде қолданылатын дәстүрлер мен сөздердің мәнін ашып беруге тырысады. Соның ішінде «қарғы бау», «күйеу», «құда түсер», «құйрық-бауыр», «қол ұстатар», «киіт», «тартыс» сияқты т.б. сөздерге этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған [2, 3 б.].

Ж. Ақбаевтың тек қазақ халқының ғана емес, түркі халықтарының генеологиясы жайында көлемді зерттеу жүргізе алды. Қазіргі уақытта бізге оның 1927 жылы Қазақ педагогикалық техникумында қазақ халқының шығу тегі тақырыбында жасаған баяндамасы ғана белгілі [1, 157 б.]. Оның бұл зерттеуі - Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаев, М. Дулатовтардың қазақ этнологиясы жайлы шығармаларымен үндес келеді. Баяндамада түркі тайпаларының шығуынан бастап, 1918 жылға дейінгі қазақ тарихын баяндаған. Қазақтардың шығу тегі турасында еңбекте ол Н.М. Карамзин, И.Г. фон Эверс, П.С. Тян-Шанский, А.П. Чулочников, Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышпаевтың пікірлері мен жұмыстарына кеңінен сүйенді. Еңбектің негізгі түйіндеріне тоқталып өтер болсақ, барша түркі халықтардың бастапқы Отаны деп Алтай, Ыстықкөл аймағын атаған. Сонымен бірге нағыз түркі тайпаларының құрамына ол: қаңлы, қыпшақ, алшын, якут, жапон, сағайлар мен качиндер, сойот, карагас, сары ұйғыр, хакас, барабин, тобыл түріктері, ноғай, түрікмен, қазан һәм кавказ түріктерін кіргізеді. Жалғасында, қазақ жүздерінің құрамына кіретін руларды көрсетіп, Ұлы және Орта жүздің көпшілігі моңғол тегінен тарағанын жеткізеді [1, 158 б.]. Айтқанын дәлелдеу мақсатында Шыңғыс хан заманындағы моңғолдарды үш топқа бөліп қарастырады: «Шыңғыс хан заманында моңғолдар негізінен мынадай үш топқа бөлінген: 1) Эке-моңғол - ұлы моңғолдар. Шыңғыс ханның өзі осы топтан. 2) Су-моңғолдар немесе Татарлар. 3) Керейлер, Корей түбегіндегі корейлер және Орта жүз бен Кіші жүздің құрамына кіретін Керейліктер, Керейлер және Керейттер солардан тараған. Су-моңғолдар немесе татарлар: а) маңғыт, ә) үнгіт (яғни ақ маңғыттар) және б) шүршіттер (шүршендер) деген үш тармақтан тұрады. Қалмақтардың немесе Ойраттардың басым көпшілігі Шүршендердің шыққан, қазақтар оларды Шүршіт деп те атаған. Ойрат одағына Моңғолдардың: Чорас, Хошот, Жоңғар және Торғауыт рулары кірген, олар XI ғасырда бір Ойрат одағына біріккен» [1, 159 б.]. Ж. Ақбаевтың бұдан кейінгі баяндамасының негізгі тақырыбы - «қазақ» сөзінің мағынасын ашуға талпынуы еді. «Қазақ» сөзінің мәнін ашуда біршама деректерге шолу жасай келе, мынандай тұжырымдар жасағанын аңғара аламыз: «Үзінділерде қазақтар барлық жерде бірдей солдат, әскер, шерік, әскерилер (әскери сословие) мағынасында қолданылады деуге болады. Меңдігерей өз «қазақтарын соғысуға» жіберер еді. «Сенің жеріңді мен де, менің ұлдарым да, князьдарым да, қазақтарым да жаулап алмаймыз». «Сенің Азовтағы қазақтарың біздің адамдарымызды даладан ұстап алып, Азовқа апарды да, сатып жібереді», Новгородқа жорыққа «өз қазақтарын соғысуға» жібермеуге уәде берген грамотасы. Өзбек ханы Ибақ 1000 қазағымен және Ноғай мырзалары 15000 қазағымен» Алтын орда ханы Ахметке шабуыл жасап, оны өлтірді». «Татар ордасының қазақтары мен Азовтық қазақтар Козельск түбіне келіп, Олешня селосын алды», Сібір ханы Көшім далада «қазақтық жасады».

Барлық келтірілген үзінділерде «қазақ» сөзі солдат, әскер, атты әскер мағынасында қолданылады. Сол кезеңде жаяу әскер тіпті болмады деуге болады; армия негізінен атты әскерден құрылып олар «қазақтар» деп аталды.» [1, 164 б.]. «Қазақ хандығының нақты басшысы Керей болғанымен, іс жүзінде ұлысты Өз-Жәнібек аталған Жәнібек басқарып, өзінің кеңесшісі Жиренше шешеннің қатысуымен өз қазақтарын жаңа жерге орналастырған. 1465 жылы Өзбек Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін оның ұлысынан Жәнібек пен Керейге көп халық қосылып, қазақ одағының санын көбейтті. «Қазақ» есімімен «наразылық білдіруші еркіндер», «еркін», «кезбе» және сол сияқты сөздердің байланыстырылуы психологиялық жағынан әбден түсінікті; жаңа ұлыс халқының «қазақтар» деп атала бастағаны да түсінікті, өйткені бастапқыда барлық халық әскери адамдар және қазақ кавалериясы болатын» [1, 168 б.]. Автордың пайымдауларынан алғашқыда «қазақ» сөзі жауынгерлік ұран болып, еркіндікті білдіріп, соңында халық-ұлт мағынасында қолданыла бастағанын көре аламыз. Бұл баяндаманың тағы бір ерекшелігі - қазақ ру-тайпаларының тарихи оқиғаларға, ұлттың қалыптасуына қатысуын көрсете отырып, кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихты таптық тұрғыда емес, этникалық тарих тұрғысында жазылуы еді. Бұдан бөлек баяндамада үш жүздің құрылуы туралы деректерді суреттеген. Сол уақытта Ұлы жүз рулары Моғолстан жерінде, Орта жүздер Өзбекстан жерінде, Кіші жүз тайпалары Ноғайлы ұлысында болып, Қасым ханның шақыруымен бүкілқазақтық құрылтайға әр жүзден 100 өкілден келеді. Осы құрылтайда «Қазақ» деген атаумен біртұтас халықтың және «Үш жүздің балалары» үш бірліктің саяси одағының құрылуы ант берісіп, бекітіледі [1, 172 б.]. Баяндаманың жалғасында өзінің құқықтық білімін пайдаланып, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдарының атауларына талдау жасайды. Қасым хан сияқты, Есім хан, Хакназар, Тәуке де қазақ халқын біріктіріп, біртұтас билікті қалпына келтіруге талай рет шақырғанын жазып, баяндаманың соңында қазақ-жоңғар соғыстарымен аяқтаған.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ тарихын зерттеуде елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі - М. Тынышпаев. Оның қазақ халқының өткенін жүйелі түрде зерделеп, ғылыми тұрғыда жазуға бет бұруы Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. М. Тынышпаев тарих ғылымының генеалогия, этнология, өлкетану, қала археологиясы және медиэвистика сияқты негізгі бағыттарында құнды еңбектер жазып, ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға зор үлес қосты. Оның зерттеулері мен ғылыми мақалалары негізінен орыс тілінде жарық көріп, ғылыми ортада кеңінен танымал болды. 1919 жылы қайта құрылғаннан кейін Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) сол дәуірдің танымал зиялылары жұмыс істей бастады. Олардың қатарында М. Тынышпаев та болды. Ол бұл оқу орнында Х. Досмұхамедов, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев, К. Жәленов, Х. Болғанбаев, Қ. Қожықов, Ж. Аймауытов сынды қазақ қоғамының көрнекті өкілдерімен қатар қызмет атқарған. 1922 жылы сол институтта М. Тынышпаев тарих пәнінен дәріс берген. Сол жылғы ресми бұйрыққа сәйкес, тарих пәнінен сабақ бергендер қатарында Ф. Ғалымжанов, С. Абрамов сынды оқытушылармен бірге М. Тынышпаевтың да есімін байқауға болады [3, 284 б.]. 1923 жылы М. Тынышпаев Қазақ ағарту институтының 3-курс студенттеріне арналған «Түркі-моңғол халықтарының тарихы» пәні бойынша арнайы оқу бағдарламасын құрастырады [3, 287 б.]. Бұл бағдарламадан оның қазақ этносының шығу тегі мен түркі халықтарының тарихын оқытуға қатысты өзіндік ғылыми-әдістемелік көзқарасы болғандығын байқаймыз. Аталмыш оқу бағдарламасы арқылы М. Тынышпаев жоғары оқу орнындағы тарих пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеуге тырысып, білім беру бағдарламасының қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты деп айтуымызға болады. Сондай-ақ, Ташкентте жүрген уақытында ол 1920 жылдары қазақ-қырғыз білім комиссиясы құрамында оқулықтар шығаруға атсалысты. Бұдан бөлек, «Талап» мәдени-ағарту ұйымына мүше болған. Бұл ұйым сол уақытта Ташкентте қазақ мәдениеті, әдебиеті және тарихына қатысты дәрістер, жиындар, пікірталастар ұйымдастырып отырды. Осы ұйым аясында бір жыл ішінде оқылған 10 дәрістің үшеуін М. Тынышпаев өткізген. Атап айтқанда, оның дәрістері түркі-моңғол тарихына арналып, XIII ғасырға дейінгі ежелгі түркілер тарихы, Шыңғыс хан және оның империясы, сондай-ақ қазақ-қырғыз тарихы сияқты тақырыптар қамтылған [3, 292 б.].

1924 жылы Ташкент қаласында Қазақ халық ағарту педагогикалық институтының ашылуына байланысты М. Тынышпаев математика және физика пәндерінің оқытушысы ретінде шақырылды. Ол институтқа өзінің жеке кітапханасынан тарих пен техникаға қатысты 2000-ға жуық кітапты сыйға тартады. Оның тарих пен өлкетанумен белсенді әрі нәтижелі айналысуы осы кезеңге сәйкес келеді. Бұл уақытта М. Тынышпаев қазақ жүздерінің шығу тегі жөнінде деректер жинаумен айналысып, қазақ руларының тарихын жазуға ден қойды. Ол хандар, батырлар, билер мен ақындардың өмірі мен қайтыс болуы туралы қысқаша сипаттамалармен толықтырылған рулық шежіре кестелерін құрастырып отырды. Сонымен қатар, бұл тақырыптар бойынша Түркістандағы Ресей географиялық қоғамының бөлімінде дәрістер оқыды. Осы кезеңде ол келесі ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды: «Көксу

қорымы мен Қайлақ қалашығы», «Ташкент уезі халқының ру-тайпалық құрамы жөніндегі тарихи анықтама», «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтар», «Қазақтардың жеңістері мен жеңілістері», сондай-ақ «Қырғыз-қазақ халқы тарихынан материалдар». Бұл істе оған белгілі шығыстанушы, академик В.В. Бартольдтың еңбектері елеулі ықпал еткені байқалады. Тынышпаев В.В. Бартольдты ұстазы ретінде ерекше құрметтеген және ғылыми мәселелер бойынша онымен кеңесіп отырған. Ол Қазақстан тарихына қатысты А.П. Чулошниковтың очерктеріне жазған егжей-тегжейлі сын-пікірі арқылы өзін білімді әрі байыпты тарихшы ретінде көрсетті. М. Тынышпаевтың еңбектері Түркістан мен Қазақстанның әртүрлі ғылыми қоғамдарының отырыстарында жиі талқыланып, баспаға ұсынуға кеңес берілетін. Ол Қазақстанды зерттеу қоғамының Сырдария бөлімінің құрметті мүшесі болды. Аталған қоғамның 1927-1928 жылдарға арналған баспа жоспарына М. Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегі енгізілген болатын. Бұл ретте белгілі генетик және селекционер Н.И. Вавиловтың М. Тынышпаевқа деген сенімі де кездейсоқ емес. Ол «КСРО Дала мәдениеттері» атты кітабына материал жинау мақсатында Жетісуға экспедиция ұйымдастырарда М. Тынышпаевқа хат жолдаған. 1929 жылғы 22 наурыздағы хатында академик Н.И. Вавилов былай деп жазады: «Құрметті Мұхамеджан! Сізге, өлкеге және оны мекендейтін әртүрлі халықтардың тарихына жетік маман ретінде жүгінуге рұқсат етіңіз. Өлкені танып-білуге қатысты Сіздің ұсыныстарыңыз бен кеңестеріңіз үшін сізге өте ризашылық білдіремін. Сонымен қатар, сізге Ауғанстанның егіншілігі туралы жазылған өз кітабымды да жіберіп отырмын» [4, 12 б.].

М. Тынышпаевтың еңбектерін екі негізгі бағытқа - қазақ халқының тарихына және өлкетануға қатысты зерттеулер деп жіктеуге болады. Оның Отан тарихына арналған еңбектерінің басым бөлігі этнология және медиевистика салаларын қамтитынын жоғарыда атап өттік. М. Тынышпаевтың осы бағытта жазылған ең ірі көлемді еңбектерінің бірі - **«Қазақ-қырғыз халқының тарихына қатысты материалдар»** [5] атты зерттеуі. Бұл еңбек 1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген. Кітап мазмұны бірнеше негізгі бөлімдерге бөлінген: қазақ-қырғыз руларының генеалогиясы, олардың шығу тегі және Қазақ хандығының құрылу тарихы, рулық шежірелік кестелер, сондай-ақ 1917 жылғы қазақ-қырғыз халқының жалпы саны туралы мәліметтер. Кітаптың алғы сөзінде И. Тоқтыбаев: «Ұсынылып отырған Тынышпаев жолдастың кітабы - оның қазақ өмірі мен тұрмысын көзбен көріп зерделеп, өтіп-кеткен зерттеушілердің еңбектерін талдап, көптеген жыл еткен еңбегінің нәтижесі. Бұл еңбек - қазақтар туралы әдебиеттердің кемістіктерін толтырудың талпынысы. «Қазақтар тарихын» әрі қарай оқып-үйренуге және құрастыруға пайдалы мәліметтер болатынына күмән жоқ» [5, 2 б.] - деген пікір білдірген. Қазақ халқының шығу тегіне, ру-тайпалық құрылымына байланысты М. Тынышпаев қазақтардың үш ордадан тұратынын айтып, руларды өз бетінше былай жіктеп шығады: «Ұлы ордаға: 1) үйсін (бөліктері: дулат, албан, суан, сары үйсін), бұған шапырашты, ошақты, ысты және сіргелі кіреді, 2) жалайыр, 3) қаңлы, бұған шанышқылы кіреді. Орта орданы: 1) арғын, 2) найман, 3) қыпшақ, 4) қоңырат, 5) уақ, 6) керей құрайды. Кіші орданы: 1) байұлы (адай, беріш, алтын, жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт, шеркеш және ысысық), 2) әлімұлы (әлім, шөмекей немесе шөмен, кете), 3) жетіру (табын, тама, жағалбайлы, телеу, кердері, керейт және рамадан) деген 3 топқа бөлінетін алшын құрайды» [5, 3 б.]. Үш жүздің ру-тайпалық құрылымы бойынша автор көрсетілген тайпалардың әрқайсысына жекелей тоқталып, шығу тарихына сипаттама береді. Сондай-ақ, жүздердің пайда болуын Қазақ хандығы емес, Алтын Орда кезеңімен байланыстырады. Ұлық ұлыстың шығыс бөлігінде орналасқан Еженнің ордасын «Ақ Орда» деп атап, оған: жалайыр, қаңлы және т.б. ұсақ руларды кіргізіп, оны - Үлкен Орда деп атаған. Жошының кіші ұлы Тоқай-Темірдің үлесіне Кавказ бен Қырым тиіп, оның негізін қазақтан немесе ноғайдан шыққан алшындар құраған. Осылайша батыс бөлікке Кіші Орда орныққанын көре аламыз. Үйсін, арғын, найман, керейлер болса Шағатай ұлысының құрамында болыпты. Ежен мен Тоқай-Темір иеліктерінің ортасында Батый мен Шейбақтың ортаншы ұлдарының иеліктері болып, Батыйдың соңғы баласы өлген соң, Шейбақ ұрпағы ғана қалған. Осы аралықта қыпшақ, қоңырат, маңғыт, шырын, барындар (соңғы екеуі жартылай Қазанға, жартылай Қырымға кеткен) өмір сүрді. Найман, арғын және керейлер Шағатай ұлысынан шығып, Жошының ортаншы балалары билеген бөлігіне келіп орналасып, бұлар - Орта Орданы құраған [5, 56 б.]. Еңбектің соңында, М. Тынышпаев «Алты Алаш» сөзі Тәуке хан уақытынан бастап қолданыла бастады деп пайымдайды. Сол заманда Тәуке үш жүзден бөлек, қырғыз, қарақалпақ және қазақтың ерекше тобы қатаған, жайма және т.б. бағынған. Осы соңғы үш топ қазаққа жүздер арқылы емес, «Алаш» ұраны астына біріккенін жазады [5, 57 б.]. М. Тынышпаев бұл зерттеуінде Геродоттан бастап, өз заманына дейінгі тарихшы-зерттеушілердің еңбектерін терең меңгеріп, тиімді пайдаланғанын байқаймыз. Бұл еңбек бұған дейін жарық көрген қазақ тарихы мен этнологиясына қатысты еңбектермен салыстырғанда ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелі түрде құрастырылуымен және мазмұндық тереңдігімен ерекшеленеді. Кітаптың басты ерекшеліктерінің бірі - соңында қосымша

ретінде түркі тайпаларының генеалогиясы, әр орданың рулық құрылымы, сондай-ақ олардың ұрандары мен таңбалары кесте түрінде жүйеленіп берілген. Бұдан бөлек, автор 1917 жылғы қазақ халқының санын рулық және уездік бөлініс бойынша кесте түрінде көрсетіп, жалпы халық санын 5 930 000 адам деп қорытындылаған [5, 63 б.]. Бұл еңбек шыққаннан бір жыл өткен соң, «**Қазақ-қырғыз халқының тарихына қатысты материалдарына**» толықтырулар енгізеді. Оны «**XVII-XVIII ғасырлардағы қырғыз-қазақтар**» [6] деп атап, 1926 жылы Қызылордада кітапша ретінде басып шығарды. Мұнда автор алдыңғы еңбегіндегі Қазақ хандығының тарихына қатысты бөлімді жалғастырады. Мазмұнына назар аударар болсақ, бұл еңбекте Тәуекел ханнан бастап Абылай ханға дейінгі аралықтағы тарихи оқиғалар жүйелі түрде баяндалады. Атап айтқанда, Қазақ хандығы мен Шайбан әулеті арасындағы соңғы соғыстар, Есім ханның оңтүстіктегі қалаларға жорығы, қазақ-жоңғар соғыстары, «Ақтабан шұбырынды» жылдары және қазақ-орыс қатынастары туралы кеңінен сөз болады. Сонымен қатар, тарихи деректермен бірге аңыз-әңгімелер де қамтылып, әр өңірдегі жер-су атауларының шығу тегі де сипатталған. Бұл кітапшада да автор этникалық процестердің әлі аяқталмағанын көрсетуге тырысады. Әсіресе, «Орманбет би өлген соң Ноғай ұлысының бірнеше тобы бөлініп, Жәнібектің бағынышындағы қазақтарға келіп қосылды» [6, 1 б.], «1625 жылы Хиуада шапқыншылыққа ұшыраған наймандар Қазақ хандығына келіп қосылды» [6, 2 б.], «Бұдан кейін қатағандардың біраз бөлігі Бұхараға қашып, қалғандары шанышқылының қатаған тармағы ретінде танылды» [6, 3 б.] деген деректер арқылы қазақ халқының ұлт болып қалыптасу үдерісінің Абылай хан дәуіріне дейін жалғасқанын аңғаруға болады.

М. Тынышпаевтың қазақ-жоңғар соғыстары тарихын терең зерттегенін жоғарыда аталған еңбектерінен, сондай-ақ 1927 жылы жарық көрген «Ақтабан шұбырынды» [7] атты зерттеу жұмысынан аңғаруға болады. Ол қазақтар мен қалмақтардың қарым-қатынасы 1399 жылы қалмақ тайпаларының одаққа бірігуінен басталып, 1757 жылы Қытай әскерінің қалмақтарды түбегейлі жойғанына дейін жалғасқанын жазады [6, 4 б.]. Автор қазақ пен жоңғар хандықтарының арасындағы алғашқы ірі шайқас 1643 жылы Салқам Жәңгір хан тұсында болғанын атап өтеді [6, 5 б.]. Ал Тәуке хан билік құрған кезең қазақ халқының әскери қуатының күшеюімен және ел ішіндегі бейбіт өмірдің орнауымен есте қалған. Тәуке хан жоңғарлардың қазақ жеріне енуіне жол бермей, оларға қарсы жиі шабуылдар жасап отырған. М. Тынышпаев бұл жөнінде жоңғар қонтайшысы Цеван Рабданның Қытай императорына шағымданып, қазақтармен амалсыз соғысып жатқанын мәлімдегенін келтіреді. Сондай-ақ, Тәуке ханның қонтайшының тұтқынында болған өзінің ұлын шығарып салған 500 жоңғар әскерін түгелдей қырып салғаны және өзінің қалыңдығын шығарып салуға келген қалмақтарға шабуыл жасағаны секілді тарихи оқиғалар арқылы оның қаталдығы мен саяси-әскери шешімдерін сипаттайды. Қазақ халқындағы «Алты Алаш» ұғымы Тәуке басқарған заманда шыққандығын былай пайымдайды: «Тәуке күшті руларға қарсы тұра алатындай болу үшін әлсіз, аз руларды одақтастырған. Қарамағындағы руларды басқару үшін 6 би тағайындаған: 1) Ұлы Ордаға Төле Әлібекұлын (дулат, жаныс), 2) Орта ордаға Қазыбекті (Қаз дауысты Қазыбек - арғын, қаракесек), 3) Кіші ордаға Әйтекені (әлім, төртқара, самарқандтық атақты Жалаңтөс баһадүрдің ағасының немересі), 4) қырғызға Қожым би Қарашораұлын, 5) қарақалпаққа Сасық биді, 6) қатаған, жайма және т.б. ұсақ рулар биінің аты белгісіз» [6, 6 б.]. Тәуке ханның қазасынан кейін Қазақ хандығында әлсіреу кезеңі басталды. Осы тарихи кезеңде қазақ жұртына бір мезетте Сібір казактары, Еділ қалмақтары, жоңғарлар және башқұрттар тарапынан шабуылдар күшейе түсті. Көп бағыттан келген бұл жойқын соққылар халықтың ауыр зардап шегуіне алып келіп, нәтижесінде жұрт оңтүстік аймақтарға қарай жаппай көшуге мәжбүр болды. М. Тынышпаев қазақ халқының ауыр жағдайға тап болуын 1715-1716 жылдары жоңғарлардың тұтқынына түскен швед әскері И.Г. Ренаттың оларға зеңбірек жасау, снаряд құю сынды жаңа әскери технологияларды үйретіп, жоңғарлардың әскери қуатын арттырған кезеңімен байланыстырады. Оның пайымдауынша, дәл осы уақытта қазақтар Тәуке хан дәуіріндегі жеңістерге масаттанып, ішкі алауыздықтар мен рулық дау-жанжалдарға қайта бой алдырып, сырттан төнген қауіпті дер кезінде бағамдай алмады. Мұның салдарынан қазақтар жоңғарлар тарапынан төнген қауіпке қарсы дайындықсыз қалды. М. Тынышпаев А.И. Левшин мен К. Тевкелевтің жазбаларына сүйене отырып, жоңғар шапқыншылығының 1723 жылы басталғанын жазады [7, 139 б.]. Дәл осы кезеңнен бастап тарихта «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалған халықтық қасірет жылдары бастау алды. Осы ауыр жылдардан азап шеккен халық үшін үш жүздің жоңғарларға қарсы кек қайтарып, қол жеткізген ең ірі жеңісі - Аңырақай шайқасы болды. Алайда бұл жеңістен туған қуаныш ұзаққа созылмай, ел ішінде алауыздық қайта өрши бастайды. Аңырақайдағы жеңістен кейін Болат хан қайтыс болып, оның орнына Әбілмәмбет хан сайланған еді. Алайда бұл шешімге Әбілқайыр мен Сәмеке хан келіспей, майдан даласын тастап кетеді [7, 147 б.]. Әбілқайырдың осы тұста орыс шекарасына қарай жылжып, Ресеймен келіссөз жүргізу себебін М. Тынышпаев өз бетінше анықтауға тырысқан. Оны еңбегіндегі мына

үзінділерден байқауымызға болады: «Біздің ойымызша, дәл осындай жағдайлар Әбілқайырдың бірден орыс шекарасына қарай көшуіне, өзін бодандыққа қабылдау үшін келіссөз жүргізуге және қауіп төнген жағдайда паналай алатындай қорғаны бар қала сұрауға мәжбүр етті. Шығыста Орта ордадай қорған болар қалың елі бар Әбілқайырдың неліктен орыс үкіметіне өтініш жасауға асыққандығын басқаша түсіндіру қиын» [7, 148 б.], «Ең соңында, Аңырақай жеңісінен кейінгі Әбілқайырдың барлық әрекеттері оның шегіну барысында, асығыс түрде орыс шекарасына барып, Орта және Ұлы ордалардың өзіне жау хандарынан қорғану үшін олармен дипломатиялық қатынас жасаумен аяқталады» [7, 149 б.]. Жоғарыда аталған еңбектеріне сүйене отырып, М. Тынышпаевтың Қазақ хандығының тарихын тұтас қамтып, тарихи деректерді жан-жақты саралау мен талдау арқылы жүйелі ғылыми еңбек жазған алғашқы қазақ зерттеушісі деп айта аламыз. Мамандығы кәсіби тарихшы болмағанымен, оның тарихшыға тән ғылыми принциптерді ұстануы, идеологиялық ықпалдан аулақ болуға және оқиғаларды бейтарап баяндауға ұмтылуы - оның тарихшыға лайық қасиеттерге ие болғанын көрсетеді. Оның бұдан бөлек түркі халықтарының тарихы мен Орта Азиядағы этникалық үдерістерге арналған «Ташкент уезінің жергілікті халқының тарихы және рулық құрамы туралы анықтама» [8], «Түрік-моңғол тарихы» [9], «XIII ғасырдағы моңғолдардың газ қолданып соғысуы» [3, 249 б.], «Мырза Едіге батыр» [10], «Қазақ ханы Тәуке мен оның батыры Алдияр туралы аңыз-әңгімелер» [3, 250 б.] сынды еңбектері де бар. Бұл туындыларында М. Тынышпаев аймақтың этникалық құрылымын, тарихи тамырын зерттеп, түрлі дереккөздерге сүйене отырып, ғылыми талдау жасауға ұмтылғанын көреміз.

Ортағасырлық қалалар мен олардың археологиялық мұралары жөнінде де М. Тынышпаев тарапынан бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілген. Ол Сырдария және Жетісу өңірлеріндегі көне қалалардың орналасуы мен тарихи маңызына қатысты құнды деректер ұсынып, аталған бағыттағы ізденістерге елеулі үлес қосты. Бұл тұрғыда оның «Сырдария және Жетісу губернияларындағы көне қалалар, қамалдар, қорғандар іздері» [3, 231 б.], «Қызылөзен қалашығының қалдықтары және Баласағұн қаласы» [11], «Ежелгі Илан-Балық қаласының орналасуы туралы» [3, 238 б.], «Көксу қалашығының қалдықтары және Қайлақ (Қойлық) қаласы» [12] атты мақалалары ғылыми тұрғыдан ерекше мәнге ие. Аталған еңбектерінде автор Баласағұн, Илан-Балық, Қойлық сынды ортағасырлық қалалардың тарихи сипаты мен географиялық орналасуына байланысты деректерді талдап, мазмұнды сипаттама бере алған. Сондай-ақ қала маңынан табылған археологиялық артефактілер мен қорғандар жайында да мәліметтер келтіреді. М. Тынышпаев кәсіби археолог болмаса да, өлкетану және археология салаларына өзіндік үлес қосқан қазақ зиялысы ретінде ерекшеленеді.

Сонымен, Ж. Ақбаев пен М. Тынышпаев - XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары арасынан шыққан, ұлттық тарих пен этнографияны зерделеуде өзіндік ізін қалдырып үлгерген тұлғалар. Ж. Ақбаев өз білімі мен өмірлік тәжірибесін пайдалана отырып, қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін, этнографиялық болмысын терең түсіндіріп, ұлттық құқық пен тарихи жад арасындағы тығыз байланысты көрсетті. Ол тарихи және этнолингвистикалық әдістер арқылы құқықтық ұғымдардың халықтық негізін ашып, қазақтың отбасылық және әлеуметтік өмірін ғылыми тұрғыдан сипаттады. Ал М. Тынышпаев - тарих ғылымына кәсіби негізде үлес қосқан алғашқы қазақтардың бірі. Ол қазақ этногенезі, ру-тайпалық құрылым, мемлекет тарихы мен ортағасырлық қалалар тақырыбын жан-жақты зерттеп, ғылыми жүйелілікке ұмтылды. Оның ғылыми еңбектері тарихи деректерді сыни сараптауға негізделіп, түркі-моңғол әлемі аясындағы қазақ халқының орны мен даму жолын көрсетуге бағытталды. Осы екі тұлғаның қызметі арқылы қазақ халқының тарихы мен құқықтық болмысы тек ауызша дәстүрден ғана емес, ғылыми зерттеу объектісіне айналып, ұлттық бірегейлікті тануда маңызды бағыттар қалыптасты. Олардың еңбектері қазіргі Қазақстан тарихының, этнологиясының, құқықтық мәдениетінің негізін құраушы деректер қатарында тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардегі. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 224 б.
2. Якуб-мурза Акпаев. Наброски по обычному, в частности брачному праву, киргизов-казахов // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. III. Семипалатинск, 1907. - С. 1-11.
3. Тынышпаев М. Политические выступления, научные труды, документы: - Алматы: «Қазақстан», 2009. - 312 с.
4. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. - Алма-ата, «Қазақ университеті», 1993, - 224 с.
5. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа / Ташкент: Восточное отделение Киргосизд, 1925. - 75 с.

6. Тынышпаев М. Киргиз-казаки в 17 и 18 веках / Кзыл-Орда: Издание Общества изучения Казахстана, 1926. - 18 с.
7. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). - Алма-Ата: Жалын, 1991. - С. 137-149.
8. Тынышпаев М. Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда / Кзыл-Орда: О-во изуч. Казакстана, 1926. - 12 с.
9. Тынышпаев М. Түрік-монғол тарихы // «Сана». - Ташкент, 1923. - №1.
10. Тынышпаев М. Мырза Едіге батыр // «Сана». - Ташкент, 1924. - №2, №3.
11. Тынышпаев М.Т. Краснореченские развалины и город Баласагын // Известия Туркестанского отдела Русского географического общества. Том XVII. Ташкент, 1924. - С. 185-188.
12. Тынышпаев М. Коксуйские развалины и город Кайлак (Койлык) // Труды общества изучения Казакстана (Киргизского края). Отдел истории и этнографии. Том VII, вып. II. Кзыл-Орда, 1926. - С 1-8.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: БІЛІМ БЕРУ МЕН ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚИЫЛЫСЫНДА

Қуандық М.А.

Ғылыми жетекшісі: доктор Ph.D Дюсупова С.Т.

Астана халықаралық университеті

Mquandyq@mail.ru

Астана қ.

Кеңес Одағының білім беру жүйесі социалистік идеологияны тарату және нығайту мақсатында маңызды рөл атқарды. Бұл жүйе тек білім берудің құралы ғана емес, сонымен қатар кеңес үкіметінің идеологиясын жастарға жеткізіп, тарихи оқиғаларды өз мақсаттарына сәйкес қайта көрсету құралы болды. Мектеп оқулықтары мен оқу материалдары арқылы өткен ғасырлардағы тарихи оқиғалар тек оқу құралы ретінде емес, кеңес қоғамының құндылықтарын насихаттау үшін қызмет етті. Кеңес үкіметі тарихты өз идеологиясы тұрғысынан қайта жазу арқылы ұлттық санаға әсер етті, бұл әсіресе қазақ халқының тарихын оқытуда айқын байқалды. Сталиндік білім беру жүйесі «құрылымдық басқару» идеологиясының негізінде құрылды. Білім беру жүйесі «жоғардан төмен» қағидатымен басқарылды, яғни билік министрліктерден облыстық және аудандық органдар арқылы мектеп директорларына, мұғалімдерге және оқушыларға дейін жетіп отырды [1, 72 б]. Мектеп кітаптарындағы құрылым оқушыларды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар идеологиялық тұрғыдан да тәрбиелеуді мақсат етті. Кеңес оқулықтары арқылы социалистік құндылықтар, «халықтар достығы» мен «әлеуметтік прогресс» идеялары жастардың санасына сіңірілді [2, 4-5 б]. Тарих оқулықтарында орыс халқының қазақ халқына «ұлы ағалары» ретінде көрсетілуі кеңінен таралған үрдіс болды. «Үлкен орыс аға» тұжырымдамасы «республикалар арасындағы халықтар достығы» идеологиясын насихаттау мақсатында енгізілді. Оқулықтардағы тарихи фактілер таңдамалы түрде беріліп, олардың түсіндірмесі социалистік идеологияға икемделді. Кітаптарда білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың идеологиялық тұрғыдан тәрбиеленуіне ықпал етті. Қазақстандағы колонизация мәселесі де кеңестік идеологияға сәйкес қайта жазылды. Кеңес оқулықтарында бұл процесс «халықтар достығы» мен «әлеуметтік прогресс» тұрғысынан түсіндірілді, қазақ халқының қарсылығы мен патша өкіметінің отаршылдық әрекеттері көбінесе ескерілмеді немесе «құтқарушы» рөлін атқарған орыс халқының үстемдігімен ақталды.

Ұлттық сәйкестілік саласындағы классикалық зерттеулер мектеп білімін жастарға ұлттың негізгі құндылықтары мен практикасын беру арқылы ұлтқа жататындық сезімін қалыптастыруда маңызды құрал ретінде қарастырады. Білім беру ұлттық сәйкестілікті қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол жастардың өздерін белгілі бір мәдени және тарихи қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдауын қалыптастырады. Осы контексте мектеп оқулықтары тарихи баяндаулар мен саяси идеологияларды жеткізуде маңызды рөл атқарып, коллективті жады мен сәйкестікті қалыптастырудың негізін қалайды. Бенедикт Андерсон ұлттық сәйкестілік «қиялдағы қауымдастықтар» арқылы қалыптасатыны атап өтіледі, мұнда білім беру институттары маңызды рөл атқарады деп есептейді. Өзінің әйгілі *Imagined Communities* (Қиялдағы қауымдастықтар) еңбегінде Андерсон ұлттық сәйкестіктің ұлттық мифтерді, әңгімелерді және символдарды тарату арқылы дамитынын және процессте әсіресе мектеп оқулықтары арқылы жүзеге асатынын айтады. Б. Андерсон